

## ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Византияға қарсы Аттиламен одақ құрған африкалық вандалдар королі

- A) Камбиз
- B) I Дарий
- C) А.Македонский
- D) Гейзерих

2. 1402 жылы Анкара түбінде Әмір Темірден жеңілген Түрік сұлтаны

- A) Баязид
- B) Селим
- C) Осман
- D) Сүлеймен

3. Әмір Темір кезінде гүлдене түскен мемлекет астанасы

- A) Шаш
- B) Бұхара
- C) Самарқанд
- D) Үргеніш

4. Ағылшын отаршылдары Үндістандағы өз мүдделерін қорғау үшін

- A) Бенгалияға азаттық берді
- B) шаруалар салығын азайтты
- C) апиын өндірісін жолға қойды
- D) қарулы әскер жасақтады

5. АҚШ-ғы «Жаңа бағытының» әлеуметтік реформалары аясында енгізілген мемлекеттік жүйелердің бірі

- A) орманды алқаптарды көбейту
- B) өнеркәсіпті қалпына келтіру
- C) егіндік алқаптарды қысқарту
- D) жұмыссыздарды сақтандыру

6. Англиядағы өнеркәсіп төңкерісінің дамуы нәтижесінде қалыптасқан топ

- A) джентрилер
- B) пролетариат
- C) левеллерлер
- D) дирижешілдер

7. 1813 жылы Лейпциг түбіндегі тарихта «Халықтар соғысы» деген атаумен қалған шайқастың нәтижесі

- A) ағылшындар француз – испан флотын талқандады
- B) француз әскері ағылшындарға қатты соққы берді
- C) испандықтардың тәуелсіздік үшін күресі сәтсіз болды
- D) француз әскері еуропалық одақтастар әскерінен жеңілді

8. 1268 жылы мәмлүктер билеушісі Бейбарыс басып алды

- A) Тунисті
- B) Антиохияны
- C) Палестинаны
- D) Алжирді

9. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатыса отырып, қуаттылығын одан әрі арттыра алды

- A) Италия
- B) АҚШ
- C) Англия
- D) Германия

10. Ресейде 1917 жылы кадеттер мен октябристер өкілдерінен құралды

- A) Уақытша үкімет
- B) Жұмысшы депутаттар кеңесі
- C) Халық өкілдерінің кеңесі
- D) Халық Комиссарлар кеңесі

11. 1938 жылы Еуропа картасынан жойылған мемлекет

- A) Грекия
- B) Австрия
- C) Түркия
- D) Болгария

12. Ресейде Қазан төңкерісінен кейін мемлекеттік биліктің барлық құрылымдарын бақылауға алған орган

- A) кеңестер
- B) әскери комиссариат
- C) жергілікті шіркеу
- D) өзін-өзі басқару органдары

13. 1930 – жылдардағы экономикалық дағдарыстың нәтижесінде еуропалық елдерде қалыптасқан теріс әлеуметтік жағдай

- A) жұмыссыздар санының артуы
- B) өнеркәсіптің құлдырауы
- C) банктік жүйенің күйреуі
- D) егіс алқаптарының қысқаруы

14. 1929 жылы Германияның әскери – экономикалық күш – қуатының қалпына келуін жеделдеткен құжат

- A) «Трумен доктринасы»
- B) «Дауэс жоспары»
- C) «Маршалл жоспары»
- D) «Юнг жоспары»

15. 1933 ж. АҚШ-та Ақ үйдегі билікті қолына алған президент

- A) Ф. Рузвельт
- B) У. Гардинг
- C) К. Кулидж
- D) В. Вильсон

16. 1939 жылы Молотов – Риббентроп пактісіне қол қойған мемлекеттер

- A) Англия, Франция
- B) Германия, Жапония
- C) Франция, Италия
- D) Германия, КСРО

17. 1977 ж. Қытайдағы партия мен мемлекеттік билікті қайта қолына алған тұлға

- A) Сунь Ятсен
- B) Чан Кайши
- C) Дэн Сяопин
- D) Мао Цзэдун

18. 1789 жылы Француз революциясының басты саяси жетістігі

- A) Империяның орнауы
- B) Абсолюттік монархияның құлауы
- C) Якобиншілер диктатурасының орнауы
- D) Феодализмнің орнауы

19. БҰҰ ұйымының ресми тілдерінің бірі

- A) парсы, орыс
- B) корей, жапон
- C) араб, қытай
- D) ағылшын, португал

20. АҚШ, Канада, Мексика арасындағы еркін сауда аймағы – НАФТА-ны құрудың алғышарттарына енбейді

- A) тарихи қалыптасқан шаруашылық байланыстар
- B) ортақ кәсіпорындарының көптігі
- C) ортақ көлік коммуникациялары
- D) ортақ географиялық шекаралардың болуы

21. Францияда 1793 жылдың 17 шілдесіндегі Декретке сай ауылдарда күшін жойды

- A) сот жүйесіндегі төрешіні сайлау
- B) заң алдындағы теңдік
- C) капиталистік қоғам
- D) феодалдық құқық

22. XVIII ғасырдағы француз абсолютизмінің дағдарысына әсер еткен жағдай

- A) өндірістің ауыл шаруашылығымен аралас дамуы
- B) салық көлемінің аз болуы
- C) капитализм дамуын тежеді
- D) феодалдық қатынастардың күйреуі

23. 1877 жылы 24 сәуірде Ресей соғыс жариялаған ел

- A) Түркия
- B) Франция
- C) Германия
- D) Италия

24. Қытайдағы тайпиндер көтерілісі болған жылдар

- A) 1850-1864 жж.
- B) 1851-1866 жж.
- C) 1840-1854 жж.
- D) 1840-1874 жж.

25. XIX ғасырдың 70-жылдарында басты міндеті шаруаларды ұйымдасқан күшке айналдыру болған Ресейдегі революциялық топ

- A) халықшылдар
- B) прасиндер
- C) декабристер
- D) вендеттер

*Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі.*

### 1930 жылдардағы КСРО

1930 жылдары қалыптасқан әміршіл-әкімшіл жүйенің ерекшелігі		
Саяси салада тоталитарлық жүйе қалыптасты	Экономикалық салада индустриаландыру мәселесі қойылды	Ауыл шаруашылығы саласында ұжымдастыру саясаты жүргізілді

26. Тарихи білімдерді және кестені пайдаланып, XX ғасырдың 30-жылдары И.В.Сталин орнатқан саяси жүйені анықтаңыз

- A) авторитарлық
- B) тоталитарлық
- C) демократиялық
- D) теократиялық

27. 1930 жылдары КСРО-да тоталитарлық жүйені орнатқан

- A) И.В. Сталин
- B) Н.С. Хрущев
- C) В.И. Ленин
- D) Л.И. Брежнев

28. 1920-1930 жылдары өнеркәсіп саласын дамытуда басты міндет

- A) ұжымдастыру
- B) индустрияландыру
- C) жеке кәсіпкерлікке еркіндік беру
- D) салалық басқаруды енгізу

29. 1920-1930 жылдары аграрлы салада жүргізілген саясат

- A) жерді жеке меншікке беру
- B) тың игеру
- C) өнеркәсіпті қалпына келтіру
- D) ұжымдастыру

30. КСРО-да тоталитарлық жүйе толық қалыптасқан уақыт

- A) XX ғасырдың 70-жылдары
- B) XX ғасырдың 60-жылдары
- C) XX ғасырдың 80-жылдары
- D) XX ғасырдың 30-жылдары

*Нұсқау: Сізге сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар беріледі.*

31. Ортағасырлардағы араб ғалымдарын негізгі жетістіктерімен сәйкестендіріңіз

А)	әл-Масуди	латын тіліне аударылғын медицина шығармаларын жазды
		жердің күнді айналатындығы туралы болжады
		30 томдық тарихи-географиялық энциклопедия жазды
		әлем картасын алғаш қағазға түсірді
В)	әл-Бируни	латын тіліне аударылғын медицина шығармаларын жазды
		жердің күнді айналатындығы туралы болжады
		30 томдық тарихи-географиялық энциклопедия жазды
		әлем картасын алғаш қағазға түсірді

32. XVIII ғасырдағы Англиядағы өнеркәсіп төңкерісі кезіндегі өнертапқыштарды ашылған техникалық жаңалықтарымен сәйкестендіріңіз

А)	Д.Уатт	шұғаны өндеуге арналған «ұшқыр шөлмекті» ойлап тапты
		адамның қатысуынсыз жіп иіретін мәшинені ойлап тапты
		«Дженни» механикалық жіп иіру мәшинесі
		бу мәшинесін ойлап тапты
В)	Д.Харгривз	шұғаны өндеуге арналған «ұшқыр шөлмекті» ойлап тапты
		адамның қатысуынсыз жіп иіретін мәшинені ойлап тапты
		«Дженни» механикалық жіп иіру мәшинесі
		бу мәшинесін ойлап тапты

33. Бірінші дүниежүзілік кезіндегі шайқастарды негізгі ерекшеліктерімен сәйкестендіріңіз

А)	Верден қырғыны	Ағылшындар алғаш рет жеңіске жетті
		Шайқаста 2 млн адам қаза тапты
		Немістердің Францияны талқандау жоспары күйреді
		АҚШ алғаш рет соғысқа кірісті
В)	Марна шайқасы	Ағылшындар алғаш рет жеңіске жетті
		Шайқаста 2 млн адам қаза тапты
		Немістердің Францияны талқандау жоспары күйреді
		АҚШ алғаш рет соғысқа кірісті

34. 1917 жылғы Ресейдегі революциялар мен нәтижелерін сәйкестендіріңіз

А)	Ақпан революциясы	Абсолюттік монархия орнады
		Большевиктер билікке келді
		Ресейде монархия құлатылды
		Билікке діншілдер келді
В)	Қазан революциясы	Абсолюттік монархия орнады
		Большевиктер билікке келді
		Ресейде монархия құлатылды
		Билікке діншілдер келді

35. КСРО-дағы тарихи кезеңдерді оқиғалармен сәйкестендіріңіз

А)	«ЖЫЛЫМЫҚ»	Қайта құру саясаты басталды
		Жердің жасанды серігі ұшырылды
		Карточкалық жүйе жойылды
		Ауғанстанға Кеңес әскері енгізілді
В)	«Тоқырау кезеңі»	Қайта құру саясаты басталды
		Жердің жасанды серігі ұшырылды
		Карточкалық жүйе жойылды
		Ауғанстанға Кеңес әскері енгізілді

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

36. Д.Сяопиннің сыртқы саясатқа қатысты ұстанған идеясы (-лары)
- A) «Үлкен секіріс»
  - B) «Бір ел – екі жүйе»
  - C) «Мәдени революция»
  - D) «Жабық есік»
  - E) «Жаңа бағыт»
  - F) «Үшінші жол»
37. Ұлы Жібек жолы арқылы Қытайдан әлем өркениетіне енген жаңалық (-тар)
- A) гномон
  - B) қағаз
  - C) ат әбзелдері
  - D) клипсидра
  - E) оқ-дәрі
  - F) сағат
38. Иероглифтік жазуындағы қиындық (-тар)
- A) мұғалімдер санының аздығы
  - B) дыбысталуы арқылы қолданылуы
  - C) мүмкіндігі шектеусіз болуы
  - D) әр таңба дауысты дыбысты ғана білдірді
  - E) арнайы оқулықтың жоқтығы
  - F) мыңдаған белгілерді есінде сақтау тиіс
39. XIX ғасырдың 70-80 жылдары жалпы ортақ міндетті білім беру заңын қолдаған Еуропа елі (-дері)
- A) Франция
  - B) Австрия
  - C) Германия
  - D) Ресей
  - E) Италия
  - F) Англия
40. Әлем ғалымдарының интернетті пайдаланудағы мақсаты (-тар)
- A) ғылыми ақпарат алу
  - B) виртуалды симпозиумдар ұйымастыру
  - C) виртуалды конференцияларға қатысу
  - D) жақындарымен жүздесу
  - E) психологиялық көмек беру
  - F) кәсіпкерлік пен айналысу

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫНАН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**